

## Қазақстан Республикасының аумағында сыра мен алкогольді ішімдіктерді бөлшек саудада сату Ережесі туралы

### *Күшін жойған*

Бұйрық Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігі 1995 жылғы 27 шілдедегі N 143-П. Күші жойылды - ҚР Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің 2000 жылғы 24 сәуірдегі N 156 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасында алкогольді ішімдіктерді сату тәртібінің сақталуына бақылауды күшейту туралы" 1995 жылғы 15 мамырдағы N 678 P950678\_ қаулысын орындау үшін қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігімен келісілген Қазақстан Республикасының аумағында алкогольді ішімдіктер мен сыраны бөлшек саудада сату Ережесі бекітілсін.

2. Жергілікті жерлердегі сауданы басқару органдары, сондай-ақ "Дарқан" және "Разноимпорт" мемлекеттік акционерлік компаниялары:

- осы аталған Ереженің барлық сауда ұйымдары мен кәсіпорындарында хабарлануын қамтамасыз ететін болсын;

- меншік нысанына қарамастан барлық шаруашылық жүргізуші субъектілердің осы Ережені мүлтіксіз, сақтауы үшін шаралар қолданатын болсын.

3. Мемлекеттік сауда инспекциясы мен оның жергілікті жерлердегі аумақтық органдары меншік нысанына қарамастан сауда жүйесі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында сыра мен алкогольді өнімдерді сатуды ұйымдастыруға, сатылатын өнімдердің сапасы мен оларға деген сәйкестік сертификаттарының бар-жоғына, сондай-ақ осы ереженің сақталуына деген бақылауды күшейтетін болсын.

4. Қазақстан Республикасы Сауда министрлігінің 1993 жылғы 23 наурыздағы N 5-30 бұйрығына "Сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында арақ пен басқа да спиртті ішімдіктерді бөлшек саудада сату Ережесі" деген N 7 қосымшаның күші жойылған деп танылсын.

Өнеркәсіп және сауда  
министрі

Қазақстан Республикасының  
денсаулық сақтау  
министрлігімен  
келісілген 1995 жылғы  
шілденің 20-сы

Қазақстан Республикасы  
Өнеркәсіп және сауда  
министрлігінің 1995 жылғы  
27 шілдедегі N 143 -п  
бұйрығымен Бекітілген:

Қазақстан Республикасының аумағында  
алкогольді ішімдіктер мен сыраны бөлшек  
саудада сату Ережесі

### Жалпы ережелер

1. Осы Ережені Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасы кәсіпорындарында шығарылатын және де басқа мемлекеттерден әкелінетін алкогольді ішімдіктер мен сыраның бөлшек саудада сатылуын жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің барлығы міндетті түрде сақтауға тиісті.

2. Алкогольді ішімдіктер мен сыраның бөлшек саудада сатылуын жүзеге асыруға тек қана лицензия (патент) бар болған жағдайда рұқсат беріледі.

Алкогольді ішімдіктер мен сыра сатуға  
лицензиялар (патенттер) беру тәртібі

3. Меншік нысанына қарамастан бөлшек сауда мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында шығарылатын және де басқа мемлекеттерден әкелінетін алкогольді ішімдіктер мен сыраны сатуға лицензияларды қалалық және аудандық әкімдер береді.

Әкімшіліктердің басшылары ассортимент бойынша өз республикамызда шығарылатын спиртті ішімдіктермен және сырамен жергілікті рыноктың толықтырылуы жеткіліксіз болған жағдайда ғана басқа мемлекеттерден әкелінген алкогольді ішімдіктер мен сыра сату құқығына лицензиялар береді.

4. Заңды тұлғаның құрылуынсыз жеке кәсіпкер ретінде алкогольді ішімдіктер және сыра сатумен айналысатын азаматтардың лицензияланған кәсіпкерлік қызметі қалалық және аудандық әкімшіліктердің басшылары беретін, әрі лицензия болып табылатын патентті өтеп алу жолымен жүзеге асырылады.

5. Лицензиялар (патенттер) иесіздендірілмейтін болып табылады, яғни оларды басқа бір жеке немесе заңды тұлғаларға алып беруге болмайды.

6. Егер заң актілерімен басқаша көзделген болмаса, шетелдік заңды және жеке тұлғалар мен азаматтығы жоқ адамдар да лицензияларды (патенттерді) Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары үшін белгіленген лицензия алу шарттары мен тәртібі бойынша алады.

7. Лицензия (патент) алушы (лицензиат) өтініш береді, оған мына төмендегілер қоса беріледі:

- мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарының қорытындысы;
- мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі - заңды тұлғалар үшін;
- сыра мен алкогольді ішімдіктерді сату үшін қойылатын талаптарға лицензия алушының біліктілік деңгейінің сай екендігін растайтын құжаттар;
- берілген лицензия (патент) үшін төленген ақы туралы түбіртек.

Лицензияда кәсіпорынның жұмыс режимі мен сату шарттары, сатуға рұқсат етілген тауарлардың түрлері көрсетіледі.

8. Лицензия беру туралы мәселе өтініш табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде қаралады. Лицензия беруден бас тартқандығы туралы сотқа бір ай мерзім ішінде шағым арыз беруге болады. Заңды тұлғаны қайта тіркеу жағдайында лицензия мерзімінің аяғына дейін сақталады.

9. Лицензия бір дана етіліп ресімделеді, жоғалған жағдайда жаңартылмайды, бірақ қайтадан беріледі.

10. Лицензия (патент) өзінің берілген мерзімі өткендіктен немесе жүзеге асырылуына лицензия (патент) берілген іс-қимылдардың толық көлемінде жасалуына байланысты я лицензиялар қайтарып алынған немесе лицензия (патент) берілген жеке я заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған жағдайда өз күшін жояды.

11. Лицензиялар мына жағдайларда қайтарылып алына алады:

- лицензия алушы лицензиядағы талаптарды орындамағанда;
- лицензия алушының алкогольді ішімдіктер мен сыраны бөлшек саудада сатумен айналысуына сот тыйым салғанда;
- лицензиялардың күшін доғаруға мәжбүр еткен себептер жойылмағанда.

12. Патент осы Ереженің II-тармағында көзделген негіздер бойынша сот жолымен қайтарылып алына алады.

13. Тоқтату себептерінің көрсетілуімен лицензияның (патенттің) күші алты айға дейінгі мерзімге тоқтатылып қойыла алады.

14. Лицензия алушы лицензияның (патенттің) күшін тоқтату жайындағы шешім туралы сотқа шағым арыз беруге құқылы.

Алкогольді ішімдіктер мен сыра сату

15. Кәсіпорынның міндетті түрде сауда және қоғамдық тамақтандыру ережелері, санитарлық ережелері мен басқа да қажетті нормативтік-техникалық құжаттамасы болуға тиісті және кәсіпорын олардағы белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.

16. Сатуға сапа жағынан стандарттар мен техникалық шарттардың міндетті талаптарына сәйкес келетін алкогольді ішімдіктер мен сыра жатады, сонымен бірге сәйкестік сертификатының тұпнұсқасы немесе сертификат берген органның қолы қойылып, мөрі басылған нағыз сертификатының көшірмесі болуға тиісті.

Көрсетілген ақпарат сатып алушыға оның талабы бойынша берілуге тиісті.

17. Кәсіпорындарда алкогольді ішімдіктерді сату сағаттарын жергілікті әкімшіліктермен келісе отырып, кәсіпорындардың иелері белгілейді.

18. Белгіленген тәртіппен сертификатталған алкогольді өнімдердің мынадай түрлерін сатуға рұқсат беріледі: арақ, ликер-арақ бұйымдары, коньяктар (бренди), кальвадостар, жүзім және жеміс-жидек шараптары, күшті жүзім және жеміс сусындары, шампан шарабы мен басқа да шымырлайтын шараптар, сыра.

Құрамында алкогольі бар өнімнің өзге түрлерін (ішерлік спирт, оның ішінде импорттық та, шарап спирті, фармокопия баптары бойынша құрамында алкогольі бар өнім, шала өңделген (тазартылмаған) этил спирті, азық-түлік емес шикізаттан жасалған тазартылған этил спирті (гидролиз синтез әдісімен алынған), спирттелген жеміс-жидек шарабы материалдары) бөлшек сауда жүйесінде сатуға рұқсат берілмейді.

19. Алкогольді ішімдіктер мен сыра сатуға рұқсат етілмейді:

- егер олардың жасап шығарушы кәсіпорынды анықтауға мүмкіндік беретін айқын таңбалауы жоқ болса;

- егер олардың жарамдылық мерзімі өтіп кетсе;

- егер олар гигиеналық қорытындының нөмірі мен күні көрсетілген сәйкестік сертификаты жоқ жасап шығарушыдан немесе көтерме сатушыдан алынған болса;

- оларға деген акциз түсімінің маркалары жоқ болған жағдайда, бұл орайда Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында жасалып шығарылған алкогольді ішімдіктерді (арақ, ликерлер, күшейтілген сусындар мен бальзам, коньяк, шампан шарабы мен басқа да шараптар) сатуға \_\_\_\_\_ 1995 жылғы 10 маусымнан бастап, ал Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден әкелінетін сыра мен алкогольді ішімдіктерді) қалбырдағысын қоспағанда солодтан жасалған сыра; күшейтілген қоса алғанда таза жүзім шараптары; вермуттар және өсімдік немесе хош иісті экстрактар қосылған басқа

да таза жүзім шараптары; алма сидрі, алмұрт сидрі (перру), балдан жасалған сусын; күшті спиртті ішімдіктер, ликерлер және басқа да алкогольді ішімдіктер; спирттелген шырындар - көлмесі бойынша 0,5 процентінен көбірек спиртті бар шырындар) сатуға 1996 жылғы 20 қаңтардан бастап рұқсат берілмейді;

- жалпы лайланған, бөгде қоспалары мен тұнбасы бар және таңбалау жазба қағазы жоқ, лас (ішкі немесе сыртқы жағы), ап-айқын сыну белгілері бар (ауызы сынған немесе жарылған), тығындары бүлінген бөтелкелерге құйылғандарды (жүйелі жинаққа енгізілетін шараптардан басқа);

- 18 жасқа толмағандарға;

- мастық күйіндегі адамдарға;

- балалар мекемелері мен оқу орындарының жанында (кемінде 500 м) орналасқан сауда кәсіпорындарында, автомашиналар мен лотоктардан, сондай-ақ тікелей емдеу-профилактикалық мекемелердің аумағында және де оқу мен өндіріс процестерін жүзеге асыру кезінде өндірістік кәсіпорындар мен оқу орындарының асханаларында;

- қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында - кәсіпорынның штампымен таңбалаңдарды.

20. Алкогольді ішімдіктер мен сыра сатуды жүзеге асыратын кәсіпорын сатып алушыларды (тауар сатып алған немесе сатып алуға ойы бар) адамдарды) осы Ереже туралы, сондай-ақ алкогольді ішімдіктер мен сыраның сатылатын сағаттары, ассортименттері мен тұтыну қасиеттері, жасап шығарған кәсіпорындар мен өнімнің жарамдылық мерзімдері жайында көрнекті де түсінікті нысандағы ақпаратпен қамтамасыз етуге міндетті.

21. Алкогольді ішімдіктер мен сыра сақтау кезінде сапасының жоғалуына жол бермейтін белгіленген талаптарға (температуралық режим мен басқа да параметрлерді, тауарлардың көршілес болуын және сақтаудың өзге де шарттарын бұзбау) сәйкес сақталуға тиіс.

22. Тауарлардың үлгілері олардың атауы, бағасы мен ыдысының сыйымдылығы жазылған баға көрсеткішімен жабдықталған болуға тиіс. Спиртті ішімдіктерді бөліп құйып сатуда ішімдіктің 50 мл. және одан жоғары мөлшерінде (шарап пен сыра жайында - 1 литрі мен литрінің 0,1 үшін) деген бағасы көрсетіледі.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында алкогольді ішімдіктер сыраға деген мәзірде мыналар көрсетілуге тиіс: ішімдіктердің атауы, бөтелкелердің сыйымдылығы, тола бөтелкенің бағасы, сондай-ақ ішімдіктің 100 немесе 50 мл. бағасы.

23. Сатушы сатып алушыға тауар сату алдында сыртқы белгілері бойынша оның сапасын тексеруге міндетті.

24. Жасанды және сапасыз алкогольді ішімдіктер мына сыра сатылған

жағдайда оларды ауыстырып алуға болады және де бұған кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының "Тұтынушылар құқықтарын қорғау туралы" Заңына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

25. Алкогольді ішімдіктер мен сыра сатуды жүзеге асырушы кәсіпорындардың қызметкерлері зачет беруімен медициналық куәландыру мен гигиеналық даярлық курсынан өтеді және де белгіленген тәртіпке сәйкес өздерімен бірге санитарлық кітапшасын алып жүруге міндетті.

26. Ұйымдық-құқықтық нысандарына қарамастан кәсіпорындардың иелері

немесе бастылары я болмаса басқа лауазымды адамдары халыққа алкогольді ішімдіктер мен сыраны сату Ережесі мен олардың сақталу тәртібін бұзғаны үшін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

27. Осы Ереженің сақталуына бақылау жасауды мемлекеттік стандарт, санитарлық қадағалау мен мемлекеттік сауда инспекциясының органдары, сондай-ақ заңдармен белгіленген тәртіп бойынша бақылау жүргізуге сенім көрсетілген басқа да органдар жүзеге асырады.

Оқыған:

Багарова Ж.А.